

*Экономическое поведение.* Всякое поведение должно ориентироваться на результат, на количество и качество затраченных человеческих ресурсов. Применяя свои профессиональные способности, индивид постоянно ориентируется на оптимальный баланс между затратами и их компенсацией. Должно существовать устойчивое равновесие в процессе обмена и в процессе производства. В противном случае, при отсутствии компенсации (товарно-денежной, натуральной, экономической, социальной), будет наблюдаться падение интереса к такого рода деятельности. Можно сформулировать следующие виды экономического поведения: «максимум, дохода ценою максимума труда», «гарантированный доход ценою минимума труда», «минимум дохода при минимуме труда» и «максимум дохода при минимуме труда». [7, 158]

Существуют различные формы экономического поведения и в сфере распределения и потребления.

Экономическое поведение характеризуется понятием «эффективность». Применительно к производственной и трудовой деятельности эффективность часто определяется как соотношение между затратами и результатом. Данную характеристику можно отнести как к производству, так и к работнику. Под экономической эффективностью труда на рабочем месте обычно понимают производительность труда, затраты рабочего времени, материалов, топлива, электроэнергии и т.д. Социальный эффект, получаемый в результате трудовой деятельности, выражается в характере воспроизводства работника, в сбережении и развитии его физических и духовных сил, накоплении знаний, навыков, умений.

На экономическое поведение в разной степени оказывает влияние ряд факторов:

- технический (использование новой техники и технологии);
- организационный; (пути улучшения организации производства и труда), социально-экономический (влияние условий, содержания труда, его нормирования и оплаты),
- социально-психологический (сюда входят удовлетворенность трудом, морально-психологический климат в коллективе),
- личностный (образовательный и культурный уровень работника), общественно-политический (солидарность наемных работников, деятельность профсоюза и т.д.).

Важным фактором, детерминирующим экономическое поведение работника, является его отношение к форме собственности (когда работник является полным или частичным собственником средств производства).

Таким образом, рыночные отношения, их экономическая и социальная направленность, существующая структура занятости создают свои особые предпосылки экономического поведения разных групп в сообществе.

#### Литература:

- 1 Автономов В.С. Модель человека в экономической науке. СПб: Экономическая школа, 1998. – 230 с. (Этическая экономия. Исследования по этике, культуре и философии хозяйства; вып. 2).
- 2 А.М.Чеканский, Н.А.Фролова. Микроэкономика. Продвинутый уровень. Инфра-М. 685с.
- 3 Экономика и социология труда. Серия «Учебники, учебные пособия». Под ред. Б.Ю. Сербиновского и В.А. Чуланова. Ростов-на-Дону, «Феникс», 1999. – 512 с.
- 3 Экономическая психология и модели экономического поведения. \coolreferat.com

**Жазыбекова С.А.,** академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, 3 курс студенті

(Ғылыми жетекшісі - конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы  
Базарова Г.С.)

## КОНСТИТУЦИЯ ТИІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қоғам мен мемлекетте құқықтық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ететін алғы шарттарға – мемлекетте тиімді және сапалы әрекет ететін негізгі заң Конституцияның болуы саналады. Конституция мемлекеттің негізгі заңы ретінде қоғамның барлық күштерін жұмылдырып, құқық жүйесінің нәтижелі жұмыс істеуіне саяси-құқықтық негіздерін қалыптастырады. Сол себептен де замануи демократиялық, құқықтық мемлекеттердің құқық жүйесі қоғам өмірінің маңызды бөліктерін реттейтін, ұлттық құқық жүйесінің дамуына бағыт беретін Конституциясыз мүмкін емес. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат

тұжырымдамасына сәйкес «Мемлекеттік және қоғамдық институттардың күш-жігері елдің Негізгі заңының барлық конституциялық айқындамаларда қамтылған жасампаз әлеуетінің жүзеге асырылуы төңірегінде шоғырлануы тиіс. Заңнаманы жетілдіру процесінде және құқық қолдану қызметі барысында Конституцияның үстемдік принциптерін және төменгі деңгейдегі актілердің жоғары деңгейдегі актілердің нормаларына сәйкестігін бұлжытпай сақтау қажет» деп еліміздің құқық жүйесінің дамуының негізгі принципі бекітілген болатын[1]. Ал тұжырымдаманың негізгі идеясы Конституция қоғамдағы өзгерістерге сай дамуы және өзгеріп отырған құқық жүйенің тиімді әрекет етуі арқылы құқықтық тәртіптің сақталуына негіз болуын жобалап отыр. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларының тиімді әрекет етуі сапалы заңнаманың қалыптасуы мен Конституциялық Кеңестің ресми талқылауларын қабылдау арқылы мүмкін болып отыр.

Конституциялық нормалардың тиімділігі тұрақты көрсеткіш емес. Конституцияның нормаларының тиімділігінің көрсеткіші әлеуметтік жағдайлардың өзгеруімен байланысты. Қолайлы жағдайлар қалыптасқанда конституция нормаларының тиімділігі артып, ал қоғамның дамуында қолайсыз жағдайлар болған жағдайда конституцияның әрекет ету тиімділігі төмендейді. Құқықтық әдебиеттерде конституциялық нормалардың тиімділігі оның жүзеге асырылуы арқылы ғана мүмкін. Конституциялық нормалардың жүзеге асырылу нысандары ретінде пайдалану, орындау, сақтау және қолдануды атауға болады[2, 128]. Конституциялық нормалардың пайдалануы кезінде субъектілер конституциялық нормалармен рұқсат еткен әрекеттерді ғана жүзеге асыра алады. Негізінен конституцияның нормаларының пайдалануы субъектілердің бастамасымен ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Конституцияның тиімді әрекет етуі конституциялық тәжірибеде әр-түрлі нысандар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Орындау – конституция нормаларының орындалу нысаны ретінде Конституция нормаларымен тікелей бекітіледі және бұл нормалар құқық субъектілерміндеттемелер мен әрекет ету нұсқауларын орындауға бағыттайды. Конституциялық нормаларын сақтау конституция нормаларын қолдану нысаны ретінде субъектілерді құқықтық тым салу шектерімен әрекет ету міндеттерін жүктейді. Қолдану конституциялық нормаларды жүзеге асырылу нысаны ретінде нормада бекіткен субъектілермен ғана және арнайы процедуралардың сақталуы арқылы қамтамасыз етіледі.

Конституцияның тиімді әрекет етуін қамтамасыз етудің бірінші нысаны -конституциялық реформалар немесе өзгерістер жүргізу.Мемлекетердің конституциялық тәжірибесінде конституциялық реформалар әр-түрлі негіздерде және кезендерде жүргізіліп отырады. Қазақстан Республикасының қалыптасуы кезеңдерінде де конституциялық өзгерістер өзіндік ерекшеліктерге ие болды.

Аталмыш Конституция тәуелсіз егеменді мемлекет ретінде Қазақстанның қалыптасуына өз үлесін қосқан болатын. 1993 жылға Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетіміздің жаңа форматағы органдарының қалыптасуына, экономикалық және әлеуметтік процесстердің дамуының басымды бағыттарын бекіткен болатын. Конституциялық нормалардың тиімділігінің төмен болуы 1995 жылы 30 тамызда егеменді Қазақстанның жаңа конституциясын қабылдауға себеп болды. 1995 жылы қабылдаған конституция алдында конституциядан көптеген нормаларымен және құрылымымен ерекшеленді. Жаңа қабылданған конституция нормасына сай мемлекеттің басқару нысаны, билік тармақтарының арасындағы қарым-қатынас, мемлекет басшысының мәртебесі, парламенттің қалыптасуы сияқты маңызды мәселелр елеулі өзгерістерге ұшырап, қоғамдағы демократия институттарының даму талаптарына сай келтірілді. Демкоратия мен Қазақстан мемлекеттілігінің негізгі принциптерін бекіте отырып Конституция, дегенмен, мазмұнын дамып өзгеріп отырған қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында өзгерту жүргізуге ашық болып келеді. Қоғамның саяси жүйесінің дамуы 1998, 2007 және 2017 жылдары Қазақстан конституциясына елеулі өзгерістер енгізілді. Қазақстан Республикасының конституциясына енгізілген өзгерістер мемлекеттілігіміздің дамуының әр кезеңінде конституциялық нормалардың тиімділігін арттыруға бағытталған болатын.

Конституцияның тиімді әрекетін қамтамасыз етудің екінші нысаны – Конституция нормаларын ресми талқылау. Конституция нормаларына талқылау жасау норманы қолдану кезінде жасалынатын «интерпретация» кезінде жалпы конституцияның идеясына, құқық принциптеріне келтіретін қайшылықтарды болдырмау мақсатында жүргізіледі. Конституциялық Кеңестің ең сындарлы өкілеттіктерінің бірі - Конституцияны ресми түсіндіру құқығы, ол Қазақстанның бүкіл құқықтық жүйесі үшін маңызды теориялық және практикалық мәні бар. Конституцияның 72-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген нормалар Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне ресми түсіндіру айрықша құқығы бекітілген[3]. Қазақстан Республикасының

Конституциялық Кеңесі туралы конституциялық заңы Конституциялық Кеңестің мемлекеттік орган ретінде мәртебесін «Республиканың бүкіл аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары тұруын қамтамасыз етеді:1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде дербес және мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен азаматтарға тәуелсіз, Республика Конституциясына ғана бағынады әрі саяси және өзге себептерді негізге ала алмайды» деген мазмұнда бекіткен[4].

Конституцияның тиімді әрекетін қамтамасыз етудің үшінші нысаны – конституциялық бақылауды жүзеге асыру.

1995 жылғы Конституцияға сай Қазақстан Республикасында конституциялық бақылаудың жаңа моделі – Конституциялық Кеңес белгіленген болатын. Қазақстан Республикасы Конституциясының алтыншы тарауы Республикадағы конституциялық бақылауды бекітуші іргелі шарттардан құралған. Конституциялық Кеңес – сот жүйесіне кірмейтін, Республика Конституциясының Негізгі Заң ретінде Қазақстанның бүкіл аумағында үстемдік құруын қамтамасыз ететін дербес мемлекеттік орган. Бұл мемлекеттік органның басты мақсаты – Қазақстан Республикасы Конституциясының Республиканың бүкіл аумағында үстемдігін қамтамасыз ету.

Мемлекет құрылысы тарихында конституциялық бақылаудың пайда болуы конституциялардың өмірге келуімен, олардың іске асырылуын және қорғалуын қамтамасыз ету қажеттігімен үздіксіз байланысты болып келеді. XX ғасырдың басына дейін ол Еуропа үшін бейтаныс болатын. Қазіргі дәуірде ол әмбебап сипатқа ие болды. Конституциялық бақылау – қазіргі түрінде биліктің бөлінуі жүйесінде маңызды элемент болып табылады.

Конституциялық іс жүргізуді қозғау және материалдарды қарауға дайындау тәртібі, өтініштерді отырыстарда қарау, шешімдер қабылдау тәртібі және өзге де мәселелер Конституциялық Кеңестің қаулысымен бекітілген Регламентпен реттеледі. Оның құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 29-желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» конституциялық заңы, Республика Конституциялық Кеңесінің 2002 жылғы 19 сәуірдегі № 1 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Регламенті саналады.

Конституциялық бақылау институты – мемлекеттегі демократияның аса маңызды институты. Конституциялық бақылаудың тиімді әрекет етуі ата заңымыздың сақталуын қамтамасыз етеді, конституциялық тұрақтылық пен конституциялық нормалардың тиімділігін жоғарлатады. Осы тұрғыдан алғанда Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Конституциясы нормаларының үстемдігін бақылау және қадағалау арқылы құқық жүйесінің сапалы болуы мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарады деуге болады.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мемлекет пен қоғамның құқықтық мәдениетін қалыптастыруға негіз салып, еліміздің құқық жүйесінің барлық элементтерін қамти отыра қызметін атқарады десе болады. Ол:

- қабылданатын заңның ҚР Конституциясына сәйкестігін тексеру арқылы заң шығарушылық қызметке тікелей араласуынан;
- жалпы ұлттық құқықтық саясат тұжырымдамасына қатысты мемлекеттік билік органдарымен ынтымақтастық орнату арқылы ортақ шешім қабылдаудың негізінде, құқықтық сана мен идеологияның қалыптасуына тікелей атсалысуынан;
- жекелеген мәселелерге қатысты ғылыми ортадан ғалымдарды тарту арқылы тәжірибе мен теорияның ұштасуына ықпал етуінен және өзге де жағдайлардан көрініс табады.

Жалпы мемлекетте нормативтік актілердің конституциялық сипатта болуын қамтамасыз ету мақсатында құрылған Конституциялық Кеңестің Конституция нормаларына талқылау жасау бойынша белсенділігі еліміздің құқық жүйесінің дамуы мен құқыққолданудың тиімділігін арттырады. Сол себептен де 2017 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының конституциясына енгізілген өзгерістер конституциялық бақылау институтының мәртебесі жоғарлатып, Конституцияның қолданылу тиімділігін арттыруға бағытталған болатын.

Қорыта келе жұмыста жасалынған талдаулар конституциялық нормалардың тиімділігі тек мазмұнымен ғана қамтамасыз етілмей, сонымен қатар олардың қолдануы мен қоғамның даму деңгейіне сай келуі керек. Сол себептен де конституциялық нормалардың тиімділігінің көрсеткіші ретінде сандық және сапалық көрсеткіштер негізге алынып, конституциялық нормалардың қажеттілігі мен нақты қоғамдық қатынастарға әсер ету деңгейін айтуға болады.

#### Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығымен бекітілген.//adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858\_

2 Авакьян С.А. Конституционное право России: Учебный курс. – В 2 т. Т.1 – М.: Юристъ, 2005. – 719 с.

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды(өзгерістер мен толықтырулармен бірге)// adilet.zan.kz

4 Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы конституциялық заңы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсан// adilet.zan.kz

**Исенова А.Ж.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, Ю-33 тобы, студент

*(Ғылыми жетекші – з.ғ.м, аға оқытушы Тоқатов Р.А)*

## **ЦИФРЛАНДЫРУ СЕКТОРЫН ҚОЛДАЙТЫН ЗАҢ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ. ҚҰҚЫҚТАНУ САЛАСЫНДА ЦИФРЛАНДЫРУДЫ ҚОЛДАНУ**

Заманауи қоғамда күн санап технологиялардың дамып, барлығы цифрлық жүйеге көшіп жатқанын байқауға болады. Цифрландыру технологияларын әлемнің сегізінші кереметі десек те болады. Жалпы, цифрландыру (диджитализация) бұл деректер негізінде цифрлық шынайылық жағдайында өзгертілу формасы. Ең алдымен цифрландыру негізінен жаңа бизнес-үдерістерден, ұйымдық құрылымдардан, ережелерден, регламенттерден, деректер үшін жаңа жауапкершілік туындауынан, жаңа рөлдік модельдер пайда болуын қалыптастырады. Негізгі міндеті деректерді стратегиялық тұрғыдан басқару болып табылады. Цифрландыру тек технологияларды қолданумен шектелмейді. [6].

Цифрландырудың екі секторын ажыратуға болады, олар: біріншісі, шартты түрдегі виртуалды сектор және екіншісі, шартты түрдегі нақты компаниялардың секторы. Әрбір сектордың өзіне тән ерекшелігері бар. Шартты түрдегі виртуалды секторға байланыс операторлары, БАҚ, жаңа цифрлық экономикалық компаниялардың түрлері (онлайн дүкендер, агрегаторлар, маркетинг-плейстер), қаржы секторы ұйымдары жатады. Бұл сектордың негізгі құндылығы клиенттер туралы деректер. Негізгі мақсаты клиенттер туралы деректерді қолдануда тиімділікті арттыру болып табылады. Бұл индустрияда тікелей клиентпен жұмыс жасалып, оның талғамына қарай ыңғайласады. Шартты түрде нақты компанияның секторы негізінен физикалық әлемнің активтеріне негізделуін қамтиды. Олар үшін активтердің цифрлық контенттерін жасау үшін деректер жиналуы қажет. Мұндай цифрлық егіздердің кәсіпорынның сандық егіздеріне біріктіруі керек. Сандық серіктестер кәсіпорынның жасырын қорларын іздестіру үшін олар туралы гипотезаны талдай алады және тексере алады.[5]. Бұл секторда өзекті болып big data технологиясын, болжамды аналитика және ғаламторлық заттар құрайды. Big data негізінен қазақ тіліне нақты аудармасы үлкен деректер деп түсіндіріледі, яғни құрылымдық және құрылымдық емес айтарлықтай ірі көлемді әрі әртүрлі мәліметтерді түрлі масштабтағы бағдарламалардағы, дәстүрлі мәліметтер базасын басқарудың баламалы құрылғылары. [8, б. 8]. Мысалы, қарайым күнделікті барлығымыз барып жүретін азық-түлік дүкендерінде әр зат өз орнында болмаса, егер жемістер мен нан тағамдары бірге тұрса көп келенсіздіктер әкеледі, сондықтан осы сәтте үлкен деректерді пайдалану қажеттілік туғызады. Қарапайым түрде, үлкен деректер бізге әр нәрсенің орналасуын және түрлі ақпараттарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Үлкен деректердің «үш V» тәрізді қасиеттерін көрсетеді:

- Жылдамдық (Velocity);
- Көпжактылық (Variety);
- Көлемі (Volume).[8, б. 5].

Негізінен цифрландыру деген ұғым 1995 жылы ақпараттық коммуникациялық технологиялардың дамуымен пайда болған. Ғаламтор мен ұялы байланыс жүйелерінің дамуы цифрландырудың бастамасы ретінде қалыптасады.[6].

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2017 жылы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа жолдауында Үкіметке цифрландыруды ендіру туралы тапсырма берген болатын. [4]. Президенттің айтуы бойынша: «Біз тәуелсіздік жылдары ішінде әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына қосылдық. Қазір озық дамыған 30 елдің қатарына ену міндеті тұр. Ол Қазақстаннан жаңа инновациялық дамуды және жедел технологиялық жаңғыруды талап етеді. Сондықтан мен осы жылдың басында Қазақстан халқына арнаған жолдауымда Үшінші жаңғыру жөнінде жарияладым. Оның негізі цифрландыру болып табылады». Жалпы цифрландыруды елімізге енгізу ол бізге міндет емес, ол біз үшін жаңа заман талабына сай бола білу. Біздің елімізде технологиялардың дамуы бәсең болғандықтан елбасымыз ІТ-стартаптар өткізілуіне тапсырма берген